

10-параграф

Педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы түзетілген анықтама

Кемшілік түзетілді: Аймақта үшінші деңгейлі домендік атаудың болуы edu.kz мәлімет берілді. **Енгізілді:** <http://sc0008.atbasar.edu.kz/content/mektepteg-shk-ghne-syrty-kameralar-turaly-apatattar>

Қазіргі уақытта әлеуметтік педагог Алпысбаева А.Е , өз еркімен жұмыстан босатылды. 2024 -2025 оқу жылында әлеуметтік педагог қызметіне Шоқпарбаева Н. жұмысқа қабылданды. Білімі жоғары, санаты жоқ, біліктілік курсынан өтпеген. Биыл аудандық бөліміне курс өтуге ұсынысқа берілді. Жұмақан Қ.Б уақытша декреттік демалыстағы қызметкердің орнында жұмыс істеді. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Шахметова Б. негізгі қызметкер өзінің тұрақты орнына декреттік демалыстан шықты. Шахметова Б. біліктілік курсының мерзімі өтіп кеткеніне байланысты, алдағы уақытта болатын біліктілік арттыру курсынан өту бойынша өтінімге енгізілді, міндетті түрде біліктілігін осы оқу жылында арттырады.

2 тарау

27 тармақ . Білім беру ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде No 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.